

## **Бәйтік батыр және ұрпақтары**

Бәйтік Бәйімбетұлы (Бәймембет) – (1762-1841) батыр. Тегі – Кіші жүз. Алшын-Қаракесек-Шөмен-Шөмекей-Бозғұл-Сарықасқа-Өтебай аталығынан.

Бәйтік батыр – қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында өмір сүрген. Батырдың бейіті – қазіргі Қызылорда облысы, Қазалы маңайында.

Бәйтік батыр текті батырлар әулетінен шыққан. Атақты Келдібайұлы Қелмембет батырдың шөпшегі болады, Өтебай батырдың шөбересі, Тойқожа батырдың немересі, Бәйімбет батырдың баласы болады.

Бәйтік батыр – Сыр елінің азаттығы үшін Қоқан, Хиуа хандықтарымен, қалмақтармен соғысқан айтулы ер.

Кіші жүздегі шөмекей руының батыры Бәйтік қалмақтар мен Хиуа хандықтарына қарсы соғыстарға қатысқанда суреттегі ақ тумен шығады екен.



**Бәйтік батырдың ақ туы**

Қазақтардың Жаңадария өзенінің бойына қоныстануына басшылық жасаған.

Бәйтік батырдың жорықтарға бірге шығатын Ақшолақ батыр деген досы, әрі ағайын бауыры болыпты.

Шопанұлы Ақшолақ батыр – қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы жерінде 18 ғасырдың екінші жартысында, 19 ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген.

Батыр бабамыздың бейіті белгісіз.

Ақшолақ батыр Келмембет батырдың неменесі, Өтебай батырдың шөпшегі, одан Жаңғабыл туады, одан Үмбет, одан Шопан туады, яғни Шопан Бәйтік батырдың шөбере бауыры болып келеді, енді осы Шопаннан Ақшолақ батыр туады.

Ел ішінде Бәйтіктің «Ат үстінде мен болсам, жерде сен, Ақшолақ, болсаң, жау бізге тие алмас» деген сөзі қалған.

Ақшолақ батырдың Сарбақ деген баласы болған, одан Көшер, Жүргенбай туады. Көшерден Қабылтай, одан Маханбетжан, Мұханбетәлі, Маханбетшәрі туады. Жүргенбайдан Сұлу туады.

Ақшолақ атында канал бар. Канал Жалағаш ауданының оңтүстігінде Сырдария өзенінің бойында, Жалағаш ауданында.

Бәйтік батырдың өмір жолы мен жорықтары туралы Балқы Базар, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары шығармаларында айтылады.

Бәйтік батырды Сыр бойының әйгілі ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуұлы (1882-1939) «Көңіл гүжім дарақтай» жырында :

«Тоғанас туып бәйтіктен,  
Байланып қылыш, ту алған.  
Кезіндегі көп дұшпан,  
Қалтырап қолы қорықаннан,  
Жоқ еді белін буа алған», - деп жырлаған.

Бәйтік батырды Сыр бойының арда ақыны Есентайлақұлы Оразымбет жырау (1861-1934):

«Тоғанас, Бәйтік, Есеттей  
Таймаған жаудан табаның», - деп жырға қосқан.

Бәйтік батырды Сыр бойының ақыны Сағынбай Тұрғанбайұлы «Шежіре өлені» еңбегінде:

«Тойқожа руынан шықты Бәйтік,  
Атақты батыр даңқы жер жаратын.  
Атаңнан – Аққоян, Тоғанас, Бодаш батыр,  
Тәңірі берді оларға күш-қуатын.  
Жеңіске жетті қолы жорықтарда,  
Талқандап талай мәрте жау қанатын», - деп жырлаған.

Бәйтік батырды Сыр бойының жырауы Жұмырбай Бағұлұлы «Бәймембетұлы Ер Бәйтік» еңбегінде:

«Бәймембетұлы Ер Бәйтік  
Жолдасын жауға қалдырмай  
Ақ білегін сыбанған  
Бедеуге мініп белсенген  
Жорғаға мініп теңселген.  
Қарақалпақ Нұртайдың  
Қамалын алып қаңғыртқан  
Бес қаладан қашырған  
Мекенінен асырған.  
Баяны жоқ сұм дүние  
Бұларда өтті дүниеден», - деп жырлаған.

Бәйтік батыр жайлы Сыр бойының шежіреші ақыны Әлімбай Әлиасқаров (1908-1990) «Қазақ шежіресі» еңбегінде:

«Бәйтіктен бес бала бар аты шулы,  
Тоғанас, Балық, Баяу Байрақ туды.  
Аққоян, Бодаш пенен түгел дейік,  
Ер болған заманында бәрі айтулы», - деп жырлаған.

Бәйтік батырдың Аққоян, Тоғанас, Баяу, Бодаш деген балалары болған.

Бәйтік батыр басқа балаларынан Тоғанасты бөлек санап, ата аруағы қонса, осы балама қонар деп үміттенеді екен. Бәйтік батыр жасында баласын

сырттай сынап та жүріпті. Ата-баба жолбарысы осы Тоғанасқа қонуына алладан тілек тілейді. Тілек қабыл болып Тоғанастың төрт жолбарысы болған деп отыратын кезінде құймақұлақ қариялар.

Бәйтік батыр өзінің туын баласы Тоғанасқа береді. Қазіргі уақытта Бәйтік батырдың туы ұрпақтарында сақталып тұр.

Тігілгеніне 200 жылдан асқан тудың қазіргі сақталуы жаман емес. Бірақ кезінде балаға зар болған әйелдер ырымдап алып, тудың шет-шеті біраз жыртылған.

Суретте Бәйтік батырдың Ақ туы бейнеленген. 1992 жылы 7 мамырда шыққан «Халық кеңесі» газетінің бірінші бетінен алынған.

**Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері**

#### Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер

1. Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан; Ж. Бейсенбаев. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994;
2. Т. Дайрабаев. Батырлар туы – ғасыр куәгері. // Халық кеңесі. №88. (239). 7.05.1992;
3. Сыр елі Қызылорда облысы энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2005;
4. Т. Дайрабаев. Кете-Шөмекей шежіресі. – Алматы. Аңа тілі, 1995;
5. М. Құлмұхамед. Жеріңнің аты Еліңнің хаты. – Алматы: Аруна, 2006;
6. К. Табылдиев. Қазақ батырлары. Ақ білектің күшімен, Ақ найзаның ұшымен. – Астана: Фолиант, 2008;
7. Сырдария кітапханасы. Т. Ізтілеуұлы шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009;
8. Сырдария кітапханасы. Базар жырау шығармалары. – Астана: Фолиант, 2008;
9. З. Қари. Келмембет батыр. – Алматы, 1998;
10. Ә. Әлиасқаров. Қазақ шежіресі. – Қызылорда: Принт, 2008;
11. Т. Дайрабаев. Тоғанас батыр. – Алматы: Кітап, 1992.